

**Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 10 шілде N 14/2 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төраға міндетін атқарушы В.Д. Шопин, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов және Қ.Ә. Омарханов қатысқан құрамда, өзінің ашық отырысында Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын конституциялық емес деп тану жөніндегі өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, баяндамашылар Қ.Ә. Омарханов пен В.Д. Шопиннің баяндамасын тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 26 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын (бұдан әрі - Кодекс) конституциялық емес деп тану жөніндегі өтініші келіп түсті.

Өтініш беруге Солтүстік Қазақстан облыстық сотының іс жүргізуінде жатқан, "Монолитстрой" акционерлік қоғамы (АҚ) президентінің оған Солтүстік Қазақстан облыстық айналадағы ортаны қорғау басқармасының аға мемлекеттік инспекторы шығарған әкімшілік жаза қолдану туралы 2000 жылғы 13 наурыздағы қаулыға шағымдану жөніндегі арызы бойынша азаматтық іс себеп болды. Кодекстің 54-1 және 233-баптарына сәйкес, АҚ-ның президентіне, радиоактивті сәуле тарату көздерін дұрыс сақтау және көмуге байланысты шаралар қолдану жөніндегі міндетті нұсқаманы орындамағаны үшін 19875 теңге мөлшерінде айыппұл салынған болатын.

"Монолитстрой" АҚ президентінің арызы бойынша Петропавл қалалық соты 2000 жылғы 26 сәуірде айыппұл салу туралы қаулының күшін жойды және іс жүргізуді тоқтатты. Соттың бұл шешіміне мемлекеттік инспектор кассациялық тәртіппен облыстық сотқа шағымданған болатын.

Кассациялық арызды қабылдап, Солтүстік Қазақстан облыстық соты бұл іс бойынша өндірісті тоқтатқан, себебі Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігінің

3) тармақшасы бұдан әрі соттың қайта қарауына кедергі келтіреді. Бұл нормадан азаматтардың Республика Конституциясы 13-бабының 2-тармағында және 39-бабының 3-тармағында көзделген құқықтарын бұзуды көріп, сот Конституциялық Кеңеске,

органның (лауазымды тұлғаның) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына берілген арыз бойынша шығарылған аудандық (қалалық) сот шешімінің түпкіліктілігі бөлігінде оны конституциялық емес деп тану туралы өтініш берген.

2. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының ұсынымында көрсетілген норманың конституциялылығын тексеру кезінде Республика Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, уәкілеттік берілген орган немесе лауазымды тұлға шығарған айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, жоғары тұрған органда (жоғары тұрған лауазымды тұлғада) немесе аудандық (қалалық) сотта шағымдануы мүмкін, ал оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігі 3) тармақшасының және 22-тараудың басқа нормаларының мазмұны бойынша, айыппұл салумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот шешімінің түпкіліктілігі, оның шығарылғаннан соң шұғыл түрде күшіне енетінін және орындалуға жататынын білдіреді. Бұл тұста, оған мүдделі тұлғаның бұл сот кесіміне шағымдануға құқықтық мүмкіндігі жоқ. Одан тыс, Кодекстің 22-тарауының, сондай-ақ Республиканың Азаматтық іс жүргізу кодексінің 26-тарауының нормаларын талдаудан, прокурордың наразылық білдіруі де, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің жоғарыда аталған категориялары бойынша шығарылған сот қаулыларын міндетті түрде тексеру секілді заңи салдарға әкеп соқтырмайтыны келіп шығады.

Сол арқылы, аудандық (қалалық) соттың айыппұл салу туралы әкімшілік істер бойынша шешімдерінің түпкіліктілігі бөлігіндегі Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігі 3) тармақшасының нормасы, олардың заңдылығын және негізділігін сот тәртібімен одан әрі тексеру мүмкіншілігін жоққа шығарады. Соған байланысты, бұдан кейінгі сот бақылауының және сот қателігін жөндеудің кепілі ретінде, олардың орындалуын тоқтату мүмкін болмай отыр.

Баяндалғанды ескере отырып, Кодекстің жоғарыда аталған нормасы, Республика Конституциясы 13-бабы 2-тармағының әркімнің сот арқылы қорғану құқығын белгілейтін талабына қайшы келеді. Бұл конституциялық құқық адамның, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын әртүрлі озбырлықтан да, соттың қате шешімдерінен де қорғауды көзде тұтады. Осыған орай Конституциялық Кеңес өзінің "Маңғыстау облыстық сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 292-бабының алтыншы бөлігін конституциялық емес деп тану туралы ұсынымы жөніндегі" 1999 жылғы 5 мамырдағы N 8/2 қаулысында, сот арқылы қорғану конституциялық құқығы, бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін әркімнің сотқа өтінім бере алу мүмкіндігін қамтамасыз ететінін атап өткен болатын.

Бұл тұста қаулыдан, мұндай қорғанудың ең тиімді кепілі ретінде жоғары тұрған сот инстанцияларында істің қайта қаралу мүмкіндігі болып табылатыны келіп шығады, ал ол Республика заңдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Кодекстің зерттеліп отырған нормасы жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі туралы Конституцияның 14-бабы 1-тармағының талабымен үйлеспейді, себебі, қылмыстық пен азаматтықтан айырмашылығы, әкімшілік сот ісін жүргізу, мүдделі органдар мен тұлғалардың сот қателігін түзету мақсатында наразылық білдіруі мен арызы бойынша сот шешімінің заңдылығын және негізділігін басқа сот инстанциялары тексеруінің қандай-да болмасын тәртібін жоққа шығарады.

Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы Республика Конституциясы 13-бабының 2-тармағында және 14-бабының 1-тармағында көзделген адамның және азаматтың құқықтарын шектейді, ал Конституция 39-бабының 3-тармағы аталған конституциялық құқықтарды ешбір жағдайда да шектеуге жол бермейді.

Кодекстің бұл нормасы, сондай-ақ, Республика Конституциясының 75, 76-баптарына және 83-бабының 1-тармағына қайшы келеді.

Мәселен, Конституциялық Кеңестің "Жамбыл облыстық сотының Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 280-бабының 2-бөлігін және 288-бабының 1-бөлігін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы өтініші туралы" 1998 жылғы 5 маусымдағы N 3/2 қаулысында аудандық (қалалық) соттың (судьясының) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы түпкілікті және арыздануға жатпайды деп тану әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі сот билігінің шегін аудандық (қалалық) сот шеңберінде шектейді және сот органдарының жүйесін және негізгі өкілеттіктерін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 75, 76-баптарына сәйкес келмейді деп атап көрсетілген болатын.

Демек, айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы істер бойынша аудандық (қалалық) сот шешімдерінің түпкіліктілігі бөлігіндегі Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы, Республика Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 39-бабының 3-тармағына, 75 және 76-баптарына, 83-баптың 1-тармағына қайшы келеді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.**

3. Осы өтінішті қарай отырып, Конституциялық Кеңес, Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің басқа да категориялары бойынша аудандық (қалалық) сот шешімдерінің түпкіліктілігі көзде тұтылатынын анықтады. Бұл нормалар да, сондай-ақ, Республика Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 39-бабының 3-тармағына, 75 және 76-баптарына, 83-баптың 1-тармағына қайшы келеді.

Алайда, Конституциялық Кеңес оның өкілеттілігі конституциялық іс жүргізу кезінде өтініш көлемінен тыс шығып кетпеуге тиіс деп атап өтеді. Сондықтан, осы

шешімнің қаулы алу бөлігінде, органның (лауазымды тұлғаның) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына жасалған шағым бойынша аудандық (қалалық) сот шығарған шешімнің түпкіліктілігіне қатысты, тек Кодекстің 281-бабы бірінші бөлігі 1-тармағы нормасының конституциялылығы туралы тұжырым баяндалып отыр.

Сонымен бірге, Кодекстің 281-бабы бірінші тармағының 1) және 2) тармақшалары Республика Конституциясының 4-бабы 2-тармағының талаптарына орай қолданылмауға тиіс, өйткені, оларға сәйкес, конституциялық нормалардың ең жоғары заңдық күші бар және еліміздің бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Мұндай жағдайларда Республика Конституциясы 13-бабының 2-тармағында, 14-бабының 1-тармағында, 39-бабының 3-тармағында, 75 және 76-баптарында, 83-баптың 1-тармағында баянды етілген ережелер тікелей басшылыққа алыну керек.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясы 72-бабының 2-тармағын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31, 33, 37-баптарын, 39-бабының 2-тармағын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 281-бабы бірінші бөлігі 3) тармақшасының нормасын, органның (лауазымды тұлғаның) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына жасалған шағым бойынша аудандық (қалалық) сот шығарған шешімнің түпкіліктілігі бөлігінде, Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 39-бабының 3-тармағына, 75 және 76-баптарына, 83-баптың 1-тармағына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 2-тармағына сай, Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 281-бабының бірінші бөлігі 3) тармақшасы нормасының, органның (лауазымды тұлғаның) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына жасалған шағым бойынша аудандық (қалалық) сот шығарған шешімнің түпкіліктілігі бөлігінде, заңдық күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес, қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады. 4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы

Конституциялық Кеңесі

Төрағасының міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК